«БЕКІТЕМІН»
Басқарма Төрағасы – Ректор м.а.
_____ Б. Мырзаев
«30» 12 2026 ж.

2026-2027 оқу жылына «6B11102 – Халықаралық және ішкі туризм» білім беру бағдарламасының

ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ БОЙЫНША КЕШЕНДІ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

(Туризм негіздері, Туризм менеджменті, Туризмдегі бизнес-жоспарлау)

Түркістан, 2026

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Кешенді емтихан бағдарламасы (Туризм негіздері, Туризм менеджменті, Туризмдегі бизнес-жоспарлау) «6В11102 – Халықаралық және ішкі туризм» білім беру бағдарламасының негізінде құрастырылған.

Кешенді емтихан бағдарламасы «Туризм» мектебінің мәжілісінде қаралған.
«20» 10 2026 ж., № 3 хаттама

Мектеп директоры _____ С. Нахипбекова

Кешенді емтихан бағдарламасы Оқу-әдістемелік кеңес мәжілісінде қаралған.
«23» 10 2026 ж., № 3 хаттама

Оқу-әдістемелік кеңес төрайымы _____ Л. Шалабаева

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

МАЗМҰНЫ

1. Кешенді емтиханның мақсаты 4
2. Кешенді емтиханды өткізу тәртібі 4
3. Білім алушының білімін бағалау критерийлері мен көрсеткіштері 5
4. Кешенді емтиханға ұсынылған пәндер тізімі 6
5. Кешенді емтихан өткізілетін пәндердің мазмұны 7
   5.1 Туризм негіздері 7
   5.2 Туризм менеджменті 11
   5.3 Туризмдегі бизнес-жоспарлау 14
6. Кешенді емтихан сұрақтары 18
7. Ұсынылатын әдебиеттер 24

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

1. КЕШЕНДІ ЕМТИХАНЫНЫҢ МАҚСАТЫ

«6В11102 – Халықаралық және ішкі туризм» білім беру бағдарламасы бойынша кешенді емтиханның мақсаты түлектердің дайындық деңгейінің жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестігін анықтау болып табылады. Сонымен бірге түлектің теориялық білімі мен практикалық дағдылары білім беру бағдарламасына сәйкес тексеріледі.

Кешенді емтихан бітірушілердің қорытынды аттестаттауы болып табылады.

Қорытынды аттестаттаудың мақсаты жоғары білімнің білім беру бағдарламасын зерделеу аяқталғаннан кейін қол жеткізілген оқыту нәтижелерін бағалау.

2. КЕШЕНДІ ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Кешенді (пәнаралық) қорытынды аттестаттау емтиханы академиялық күнтізбеге сәйкес өткізіледі. Толық оқу курсын аяқтаған (кем дегенде 240 кредит игерілген) және оқу жоспарында қарастырылған барлық сертификаттау сынақтарынан сәтті өткен білім алушылар емтиханға жіберіледі.

Білім беру бағдарламасына арналған кешенді емтиханды аттестаттау комиссиясы (АК) басқарады. АК төрағасы мен комиссия құрамын Басқарма Төрағасы – Ректор бекітеді.

Білім беру бағдарламасындағы кешенді (пәнаралық) емтихан бағдарламасы білім алушыларға емтиханның өткізілетін күніне дейін бір айдан кешіктірілмей беріледі.

Білім алушының АК-ға берген жауаптарын талқылау және қорытынды бағалау жабық мәжілісте, қорытынды баға - баллдық-рейтингтік мәнде анықталады (кесте). Білім беру бағдарламасындағы кешенді (пәнаралық) емтиханның нәтижелері білім алушыларға АК-ның жабық мәжілісінен кейін дереу жеткізіледі.

Қорытынды аттестацияда «қанағаттанарлықсыз» баға алған білім алушы оқудан шығарылады. Қорытынды аттестациядан келесі оқу жылы қайтадан өтуге рұқсат беріледі.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

3. БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ МЕН КӨРСЕТКІШТЕРІ

№	Әріптік жүйедегі бағалау	Сандық эквивалент бойынша	% -дық мазмұны	Дәстүрлі жүйедегі бағалау	Бағалау критерийлерінің көрсеткіштері
1	2	3	4	5	6
1	A	4,0	95-100	өте жақсы	1. Қазіргі теорияны ескере отырып, материалды толық әрі дұрыс баяндайды; 2. Теориялық білімді практикамен байланыстырады; 3. Терминологияны еркін меңгерген; 4. Себеп-салдарлық байланыс орнатады; 5. Болжам жасай алады; 6. Қосымша сұрақтарға сенімді жауап береді.
2	A-	3,67	90-94		1. Қазіргі теорияны ескере отырып, материалды дұрыс баяндайды; 2. Жауаптарын толық айтады, өз бетінше қорытынды жасап, жалпылай алады; 3. Терминологияны жақсы меңгерген; 4. Себеп-салдарлық байланыс орнатады; 5. Қосымша сұрақтарға толық жауап береді.
3	B+	3,33	85-89	жақсы	1. Материалды жақсы жеткізеді; 2. Жауаптарды толық айтады, өз бетінше қорытынды жасап, жалпылай алады; 3. Терминологияны меңгерген; 4. Логикалық ойлау жүйесіне ие. 5. Қосымша сұрақтарға жауап береді.
4	B	3,0	80-84		1. Негізгі материалды біледі; 2. Дәлелді мысалдар келтіреді; 3. Жалпылау мен қорытынды жасайды; 4. Терминология мен баяндау логикасында дәлсіздіктерге жол береді; 5. Қосымша сұрақтарға жауап береді.
5	B-	2,67	75-79		1. Негізгі материалды біледі, бірақ жауабы жүйесіз және және логикасыз; 2. Терминдерді қолдануда дәлсіздіктерге жол береді; 3. Қосымша сұрақтарға жауап беру кезінде қателіктер жібереді.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

6	C+	2,33	70-74		1. Тек теориялық білім негіздері бар; 2. Қорытынды жасауды және жалпылауды білмейді; 3. Терминологияны қолдана алмайды; 4. Қосымша және нақтылау сұрақтарына жауап береді.
7	C	2,0	65-69	қанағаттанарлық	1. Негізгі материалды толық меңгермеген; 2. Логикалық ойлау жүйесіне ие емес; 3. Жауабы қысқа; 4. Қосымша сұрақтарға толық жауап бермейді.
8	C-	1,67	60-64		1. Негізгі материалды толық меңгермеген; 2. Дәлсіздіктер жібереді, қорытынды мен жалпылау жасай алмайды; 3. Логикалық ойлау жүйесіне ие емес; 4. Қосымша сұрақтарға жауап берудегі қателіктері бар.
9	D+	1,33	55-59		1. Материалдың едәуір бөлігін білмейді; 2. Материалды нашар меңгерген; 3. Сұраққа жауап беру логикасын білмейді; 4. Қосымша сұрақтарға жауап беруде қиналады.
10	D	1,0	50-54		1. Теория негіздерін білу және түсінуде елеулі дәлсіздіктер жібереді, түсінігінің үстірттігі материалды толық ұғынуға кедергі келтіреді, бірақ оқытушының жетелеуші сұрақтарының көмегімен дұрыс қорытынды жасай алады.
11	FX	0,5	25-49	қанағаттанарлықсыз	1. Білімі жүйесіз, материалдың мәнін түсінбей баяндайды; 2. Комиссия мүшелерінің қосымша сұрақтарына жауап бере алмайды.
12	F	0,0	0-24		1. Білім алушы өзінің теориялық және практикалық білімі мен дағдыларын нөлдік деңгейде көрсетті және қателіктерін түзете алмайтындығын байқатты.

4. КЕШЕНДІ ЕМТИХАНҒА ҰСЫНЫЛҒАН ПӘНДЕР ТІЗІМІ

1. Туризм негіздері
2. Туризм менеджменті
3. Туризмдегі бизнес-жоспарлау

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

5. КЕШЕНДІ ЕМТИХАН ӨТКІЗІЛЕТІН ПӘНДЕРДІҢ МАЗМҰНЫ

5.1. ТУРИЗМ НЕГІЗДЕРІ

«Туризм негіздері» **мақсаты** – рекреациялық және туристік индустрияның негізгі ұғымдарын, сондай-ақ олардың жұмысын әртүрлі табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайларда ұйымдастыру принциптерін зерттеу.

«Туризм негіздері» пәні бойынша **оқыту нәтижелері:**

– Туризмнің қазіргі теориясын кеңістіктік және әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде сипаттау.

– Қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаны, тұрақты туризмнің тұжырымдамасы мен принциптерін қарастыру.

– Туризм саласындағы теориялық және әдістемелік білімді практикада қолдану.

5.1.1. Рекреациялық географияның негізін қалаушы ұғымдар

Бос уақыт, оның функциясымен адам өміріндегі орны. Бос уақыттағы уақыт аралығын анықтау. Бос және рекреациялық уақыт: ұғым, арақатынас, құрылым және қызметтер. Рекреациялық іс-әрекет туралы түсінік, оның территориялық бөлінуі – күнделікті, апталық, жылдық рекреация. Демалыс адам қызметінің бөлігі ретінде. Рекреация анықтамасы адамның тұрақты жерінен тыс жердегі қызметі ретінде. Туризм рекреацияның бөлігі ретінде. Демалыс – рекреация – туризм – экскурсия ұғымдарының ара қатынасы. Ғылыми-техникалық ревалюция, оның оң және теріс көріністері. Адамның физикалық және психикалық күшін қалпына келтіру.

5.1.2. Рекреациялық қажеттіліктер рекреациялық іс-әрекетінің кеңістіктік-уақыттық ұйымдастырылуының негізі ретінде

Рекреациялық қажеттіліктер түсінігі. Рекреациялық қажеттіліктер рекреациялық іс-әрекетінің ұйымдастырылуының негізі. Қоғамдық, топтық және жеке рекреациялық қажеттіліктердің өзара әрекеті. Рекреациялық қажеттіліктерді зерттеудің бағыттары мен әдістері. Рекреациялық қажеттіліктерді зерттеудің әлеуметтану әдістері. Рекреанттар топтарының табиғи және әлеуметтік-экономикалық рекреациялық ресурстарға, рекреациялық аудандардың типтеріне, рекреациялық әрекеттер циклдеріне, демалыс орындарының архитектуралық-жобалық құрылымының ерекшеліктерін, демалысты өткізудің активтік деңгейіне, әлеуметтік контактілердің тығыздығына қарай таңдамалары туралы түсініктер.

5.1.3. Рекреациялық қызмет әлеуметтік-экономикалық өмір салты элементі ретінде

Рекреациялық іс-әрекет - әлеуметтік-экономикалық құбылыс және халықтың өмір сүруінің элементі ретінде. Мәні, құрылымы, классификациясы. Рекреациялық іс-әрекет психоэмоциялық құбылыс ретінде. Рекреациялық іс-әрекет – территориялық рекреациялық жүйелердегі (ТРЖ) жүйе құрушы фактор негізі ретінде. Еңбек тәртібі мен демалыс тәртібінің арақатынасы. Рекреациялық іс-әрекеттегі қоғамдық функциялардың негізгі топтарының сипаттамасы. Рекреациялық іс-әрекеттердің технологиялық функциялары. Рекреациялық іс-әрекеттердің жүйелері мен циклдері. Тәуліктік, демалыс және өмірлік циклдерінің құрылысы. Рекреациялық қызмет көрсету материалды емес

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

өндіріс сферасының саласы ретінде. Рекреациялық жүйе және территориялық рекреациялық жүйелер түсініктерінің арақатынасы: сала және мекеме. Рекреациялық сала мен туризм индустриясы. Рекреациялық саланың арнайы ерекшеліктері.

5.1.4. Рекреациялық география - қоғамдық географиялық ғылымның жаңа саласы

Рекреациялық мәселелерді зерттеулердің «географиялығы». Рекреациялық зерттеудің пәнаралық сипаты. Рекреациялық география - қоғамдық-географиялық ғылым ретінде. Объектінің анықтамасы және зерттеудің пәні және территориялық рекреациялық жүйе туралы түсініктер (В.С. Преображенский, Л.И. Мухина, Ю.А. Веденин, И.В. Зорин). Рекреациялық жүйенің антропоцентрикалық мәні. Рекреациялық географияның адам, қоғам және оның іс-әрекеті туралы білім жүйесінде алатын орны; қоғамдық, жаратылыстық, техникалық ғылым жүйелерінде алатын орны. Рекреациялық-географиялық зерттеулердің қажеттілігі. Рекреациялық географияда қолданылатын негізгі түсініктер. Рекреациялық іс-әрекеттердегі статистикалық есеп беру тәсілдері. Рекреациялық географияның міндеттері. Рекреациялық география және тәжірибе. ТРЖ, оны құрайтын жүйелер байланысы рекреациялық іс-әрекетердің жүйелік талдауы және оған қызмет көрсету пәні ретінде. В.М. Кривошееваның және И.И.Зоринның матрицасы. ТРЖ шағын жүйелерінің нақты өзара байланыстарын талдау. Демалыс географиясы туралы түсінік. Рекреациялық және туризм географиясын зерттеудегі объекті мен пәндегі айырмашылықтар мен ұқсастықтар. Рекреациялық география мен туризм географиясы - ұғымдарының ара қатынасы. Туризм географиясында қолданылатын негізгі түсініктер мен атау сөздер. «Туризм» және «турист» термин сөздерінің шығу тегі. Туризм және туристер туралы қазіргі көзқарастар. Туризмнің жұмыстық және концептуалдық дефиниялары. Саяхаттаушы тұлғалар және уақытша келушілер. Демалыс және туризм дамуының алғышарттары мен ресурстары және рекреациялық потенциалы туралы түсінігі. Туристік-рекреациялық ресурстардың «аттрактивтілігі». «Рекреацияның шаруашылық потенциалы», туристік территориялардың таксономиялары туралы түсінігі. Туристік инфрақұрылым және туристік шаруашылық.

5.1.5. Қазіргі туризмнің жіктелуі

Қазіргі туризмнің жіктелуі, оның күрделігі жалпыға бірдей көзқарастардың жоқтығы. Бұл жіктеулердің маңызы. Саяхат мақсатынан шығып отырған туризм жіктелуі туралы сұрақтың талқылануы. Рекреациялық, іскерлік, діни, этикалық туризм. Жалпылық, элитарлық, коммерциялық, әлеуметтік, ұйымдасқан, өзіндік, белсенді және белсенді емес, көліктік және экологиялық туризм.

5.1.6. Территорияны рекреациялық бағалау

Демалыс пен туризм дамуының табиғи және әлеуметтік-экономикалық алғышарттары, туристік-рекреациялық ресурстарға көшу. Табиғи, әлеуметтік-экономикалық, туристік-рекреациялық ресурстар, олардың туризм дамуындағы ролі мен маңызы. Туристік-рекреациялық ресурстардың маңызды сипаттамалары. Демалыс және туризм мақсаттары үшін туристік-рекреациялық ресурстарды бағалау және жарамдылығын анықтау – туризм географиясының басты міндеттерінің бірі. Бағалау шкалалары. Табиғи рекреациялық ресурстарды бағалаудың үш негізгі түрлері: медико-

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

биологиялық, психологиялық-эстетикалық, технологиялық. Рекреациялық ресурстардың сапалық және балдық бағалау формалары. Бағалаудың әдістемелік көрсеткіштерін өңдеу бойынша Л.И. Мухинаның жұмыстары. Ю.А. Веденин, Н.И. Мирошниченко, Е.А. Котляров, Я. Варшиньскийлардың ойлары. «Тартымдылық коэффициенті (жарамдылық)». Территорияның «жиынтық туристік-рекреациялық потенциалына» баға берудегі көзқарастар.

5.1.7. Туристік территорияны аудандастыру

Тиімді ғылыми-нақтыланған туристік территорияларды аудандастырудан халық шаруашылығының саласы ретінде туризмнің территориялық ұйымдастырылуы мен әсерлі дамуының тәуелділігі. Туристік аудандастыру мақсатында бұрынғы КСРО және Ресей үшін территорияны зерттеу дамуының тарихы. Н.С. Мироненко, И.Т.Твердохлебов, Б.Н. Лиханов, В.С. Преображенский, Е.А. Котляров еңбектері. Демалыс пен туризм үшін Қазақстан территориясын аудандастыру талпыныстары. Түсініктер ара қатынасы: «рекреациялық аудан», «туристік аудан», осы түсініктердің қысқаша эволюция тарихы. Туристік аудандарға тән ерекшеліктер мен олардың құрылу механизмі. Салалық (интегралдық) әлеуметтік-экономикалық аудан ретінде туристік аудан туралы түсінік. Туристік аудандастырудың әдістері. Туристік аудандар таксономиясы.

5.1.8. Туризм анықтамасының мәні

Туризм күрделі кеңістіктік әлеуметтік-экономикалық құбылыс пен күрделі қоғамдық шаруашылық жүйесі ретінде. Отандық және шетел ғалымдарының туризм анықтамасына концептуалды және мәндік әр түрлі көзқарастары. Дүниежүзілік Туристік Ұйыммен (ДТҰ) қабылданған қазіргі туризмнің концептуалды моделі («туризм индустриясы»), оның шағын жүйелері (элементтері) және олардың бір-бірімен, сыртқы ортамен байланыстары. Туристік жүйенің жұмыс механизмін түсіндіру. Туризм индустриясы туралы түсінік. Туристік кәсіпорындар туристік қызметтерді өндіретін туризм индустрия құрамының бір бөлігі ретінде. Туроператорлар мен турагенттер, туристік кәсіпорындар мен олардың қызметінің сипаттамасы. Өндірудің материалдық және материалдық емес сферасындағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың жиынтығы ретінде туризм индустриясының түсінгімен, олардың туристерге арналған тауарлар мен қызметтерді өндіру, бөлу, алмастыру және тұтынуды қамтамасыз етуі. Сондай-ақ туристік-рекреациялық ресурстарды пайдалану мен игеру және туризмнің материалдық-техникалық базаларын құруды қамтамасыз етеді.

5.1.9. Туристік нарықты функциялау

Туристік сұраныс, материалды-тұрмыстық және мәдени-танымдық қызығушылықтарды қанағаттандыра алатын, әр-түрлі қызметтер және тұтыну заттары кешеніне тұтынушы сұранысының жаңа формасы ретінде. Туристік өнім туралы түсінік. Туристік сұранысқа тән ерекшеліктер. Туристік сұраныс әсерінен қалыптасатын факторлар. Туристік ұсыныс туристік құндылықтардың және көрсетілетін туристік қызметтердің жиынтығы ретінде. Туристік ұсыныстар тәуелді болатын элементтер. Туристік аттрактивтілік қалыптасқан ұсыныс ретінде. Туристік нарық, оның ерекшеліктері. Туризмдегі алу-сату үдерісі.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

5.1.10. Туризм экономика саласы ретінде

Экономиканың саласы ретіндегі туризмнің ерекшеліктері: бір уақытта өнімнің өндірілуі мен сатылуы, туристік өнімнің бір жерде өндіріліп, пайдалануы, өндірілетін объектіге тұтынушыны қызмет көрсетілгенге дейін көлікпен тасымалдау, туристік өнімнің «өзін өзі шығаруы», тұтынылатын туристік агрегирдік ресурстардың өзіндік түрі. Туристік қызмет көрсетудің мәні мен мазмұны, ол күрделі кешенді, ұзақ мерзімді және уақыты мен орны әр түрлі өндірістің үрдісі, әр түрлі қызмет түрлері мен тауарлардың ұсынысы және сатылуы. Туризмдегі қызмет көрсету – бәсекелестік күрестегі ең күшті қару. Туристік қызмет көрсету сапасының критерийлері мен көрсеткіштері. Туристік қызмет көрсету сапасын балдық әдіспен бағалау.

5.1.11. Туризмнің табиғи және әлеуметтік-мәдени ортаға әсері

Туризмнің табиғи және әлеуметтік-мәдени ортаға оң және теріс әсерлері. Жаһандану жағдайында туризмді дамытудың негізгі сыртқы әсерлері. Туристік қызметтің қоршаған ортаға, табиғи ресурстарға және экологиялық тепе-теңдікке ықпалы. Туризмнің жергілікті халықтың өмір сүру салтына, мәдени құндылықтары мен тарихи мұрасына әсері. Туризмнің жағымсыз салдарын азайту және табиғи-мәдени ресурстарды сақтаудың негізгі бағыттары.

5.1.12. Тұрақты туризмнің мақсаттары

Тұрақты туризмнің тұжырымдамасы. ЮНВТО және ЮНЕП тұжырымдаған тұрақты туризмнің он екі мақсаты, олардың мазмұны мен маңызы. Тұрақты туризмнің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық құрамдас бөліктерінің өзара байланысы. Туристік ресурстарды ұтымды пайдалану, жергілікті қауымдастықтардың әл-ауқатын арттыру және мәдени мұраны сақтау қағидаттары. Тұрақты туризм мақсаттарын жүзеге асырудың туристік дестинациялардың ұзақ мерзімді дамуына ықпалы.

5.1.13. Туристік өнімнің мәні және құрылымы

Туристік өнімнің мәні, құрамы және жобалау кезеңдері. Туристік маршруттар туралы түсінік. Туристік маршруттардың негізгі түрлері және олардың жіктелу ерекшеліктері. Туроператорлық және турагенттік қызметтің туристік өнімді қалыптастырудағы орны. Туристік өнімнің негізгі құрамдас бөліктері: тасымалдау, орналастыру, тамақтандыру, экскурсиялық және қосымша қызметтер. Туристік өнімнің кешенді сипаты және оның туристердің қажеттіліктерін қанағаттандырудағы ерекшеліктері. Туристік маршруттарды саяхат мақсатына, ұзақтығына, қозғалыс тәсіліне және аумақтық қамтылуына қарай жіктеу.

5.1.14. Туристік қызметті мемлекеттік реттеу

Туризм саласын мемлекеттік реттеудің қажеттілігі мен мақсаттары. Туристік қызметті мемлекеттік реттеу әдістері мен құралдары. Қазақстан Республикасындағы туристік қызметті реттеудің нормативтік-құқықтық негіздері және мемлекеттік органдардың негізгі функциялары. Туристердің құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, туристік ресурстарды қорғау және туристік қызмет көрсету сапасына қойылатын талаптар. Туризм саласын дамытудағы мемлекеттік қолдау шаралары мен туристік

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

инфрақұрылымды жетілдіру бағыттары.

5.1.15. Халықаралық туризм сыртқы экономикалық қатынастардың түрі ретінде

Халықаралық туризмнің арнайы ерекшеліктері, ішкі туризмнен айырмашылығы. Шетелдік туризмнің елдердің экономикалық дамуына әсері. Халықаралық туризмнің негізгі факторлары мен шарттары. Халықаралық туризмнің статистикасы. Халықаралық туризм дамуының қазіргі тенденциялары және әлемдік туристік ағымдардың географиясы. Халықаралық туристік ұйымдар және туризм дамуындағы олардың ролі.

5.2. ТУРИЗМ МЕНЕДЖМЕНТІ

«Туризм менеджменті» пәнінің **мақсаты** – туризм кәсіпорнын басқаруда, оның қызметінің тиімділігін арттыру үшін студенттерде теориялық білім мен практикалық дағдылар жүйесін қалыптастыру.

«Туризм менеджменті» пәні бойынша **оқыту нәтижелері:**

– Менеджмент функцияларының мәні мен өзара байланысы, ұйымдық құрылымдар, туристік индустриядағы басқарудың принциптері, әдістері, жүйесінің дамуы мен ерекшеліктерін қарастыру.

– Туризм және қонақжайлылық ұйымдарының қызметін жоспарлау, туристік нарықтағы тұтынушылық мотивацияны басқару мәселелері, ұйымдардың бәсекелестік артықшылықтарға қол жеткізу тәсілдері және туризм индустриясы кәсіпорындарының экономикалық қауіпсіз қызметінің стратегиясын түсіндіру.

– Туристік индустриядағы ұйымдастырушылық құрылымдар және басқару әдістері қарастыру.

– Басқару шешімдерінің жіктемелік түрлерін, шешімді қабылдау тәсілдерін, басқару шешімдерінің ерекшеліктерін анықтау.

5.2.1. Менеджмент жүйесінің дамуы және оның туристік индустриядағы ерекшеліктері

Менеджмент түсінігі. «Менеджмент» ұғымын анықтаудың негізгі тәсілдері. Менеджмент қызмет түрі (функциясы) ретінде. Менеджмент ғылым ретінде. Менеджмент академиялық пән ретінде. Менеджементтің мәні мен рөлін анықтау тәсілдері. «Туристік индустрия» түсінігі. Менеджмент жүйесі мен ғылыми басқару мектебінің эволюциясы. Басқару мектептері.

5.2.2. Менеджменттің заманауи тәсілдері

«Жүйе» терминінің анықтамалары. Менеджменттегі жүйелік тәсіл. Процестік тәсіл. Басқарудағы ситуациялық тәсіл. Ұйымның ашық жүйе ретіндегі моделі. Жүйелік және ситуациялық тәсілдердің ерекшеліктері.

5.2.3 Басқарушылық шешімдерді әзірлеу

Басқару шешімдерінің түрлері. Басқару шешімдерін әзірлеу процесінің технологиясы. Туристік индустрияда қызметті бақылау және үйлестіру. Интуитивті шешімдер. Пайымдауға негізделген шешімдер. Ұтымды шешімдер. Туристік индустрияда басқару шешімдерінің жіктелу белгілері . Басқарушылық шешімдерді әзірлеу процесі кезеңдері. Басқарушылық шешімдер қабылдаудың тұжырымдамалық моделінің негізіндегі

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

тұжырымдар. Шетелдік ұйымдарда басқару шешімдерін қабылдауда қолданылатын тәсілдер мен модельдер. Шешім қабылдау кезіндегі ерекше жағдайлар. Басқарушылық шешімдер қабылдаудағы қателіктер. Үйлестіру қызметі. Ұйымның субъектілері мен басқару объектілерінің бірлескен қызметін іске асырудың, үйлестірудің және реттеудің негізгі принциптері.

5.2.4. Туристік индустриядағы басқару әдістері мен стильдері

Басқару әдістері. Басқарудың экономикалық әдістері. Материалдық мотивация түрлері. Басқарудың ұйымдастырушылық және әкімшілік әдістері. Басқарудың әлеуметтік-психологиялық әдістері. Топтық жұмыс әдістері. Ұйымның қаржылық жағдайы; Тұтынушылар ұйымдар және өткізу нарықтары; Ішкі бизнес-процестер; Ұйымның және оның қызметкерлерінің дамуы. Туризм индустриясы ұйымдарындағы кірістерді басқарудың Жеке мүмкін тәсілдері. Басқару стильдері. Көшбасшылық стильдер. Авторитарлық стиль. Демократиялық стиль.

5.2.5 Туристік индустриядағы билік, ықпал, көшбасшылық

Туристік индустриядағы билік пен ықпал ету нысандары. Көшбасшылық теориясын қолданудың жалпы мәселелері. Биліктің жеке негізі. Анықтамалық билік. Басшының сараптамалық күші. Заңды билік. Ақпараттың күші. Билікке деген қажеттілік. Биліктің ұйымдастырушылық негізі. Әріптестік ықпал ету нысандары. Серіктестік ықпалдың негізгі тәсілі. Көшбасшы. Көшбасшылық қабілеттері. Көшбасшылықтың тиімділігін анықтайтын белгілер, дағдылар. Көшбасшылық қасиеттер жиынтығы. Мінез-құлық тәсілі. Туризм индустриясындағы көшбасшылық мәселелері.

5.2.6 Туристік индустриядағы менеджмент функциялары

Басқару функцияларының мәні. Туризм саласындағы жоспарлау қызметтері. Туризм саласындағы қызметті ұйымдастыру. Туристік индустрияны ұйымдастыру деңгейі. Болжам. Болжау. И.Г. Мельникова ұсынған Болжам түрлерінің классификациясы. Болжамды әзірлеу кезеңдері. Туристік индустрия ұйымдарының қызметін жоспарлаудың өзіндік ерекшеліктері. Туризм индустриясын ұйымдастыруды жоспарлаудың негізгі міндеттері. Жоспарлау әдістері. Жоспар жүйесінің негізгі мақсаты. Ұйымдастыру. Басқарудың ұйымдық құрылымы. Халықаралық деңгейде туристік индустрияны басқаруды ұйымдастырудың үш моделі.

5.2.7 Туристік кәсіпорын қызметінің ұйымдық-құқықтық негіздері

Туристік кәсіпорын шаруашылық жүргізуші субъект ретінде. Туристік кәсіпорынның микро және макроортасының сипаттамасы.Туристік кәсіпорынның миссиясы мен мақсаттарын анықтау.Туристік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанын таңдауды анықтайтын факторлар

Құрылтай құжаттарын әзірлеу, кәсіпорынды мемлекеттік тіркеу және ұйымдастырушылық рәсімдеу. Туристік кәсіпорынның кеңсесіне және қызметкерлеріне қойылатын талаптар. Туристік кәсіпорынның қызметін тоқтату.

5.2.8 Турды қалыптастыру, жылжыту және іске асыру

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Турды жобалау және оның мәні, маңыздылығы. Турды қалыптастыру процесі. Жылжыту іс-шараларын жоспарлау ерекшеліктері. Турды жүзеге асыруды ұйымдастыру. Туроперейтингті бақылау және бағалау.

5.2.9 Туризмдегі келісім-шарттық қатынастар

Туристік ұйым мен тасымалдаушы арасындағы қатынастар. Әр түрлі туристік ұйымдар арасындағы қатынастар Туроператор мен қонақ үйлер арасындағы қатынастар (басқа орналастыру құралдары). Туроператорлар мен сақтандыру компаниялары арасындағы қатынастар. Туроператор мен оның серіктестері - қызметтердің жекелеген түрлерінің тікелей орындаушылары арасындағы өзге де қатынастар. Туристік ұйым мен турист арасындағы қарым-қатынас. Құқықтық актілер. Туризм саласындағы шарттар жүйесі. Туристік қызмет субъектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шарттар (сақтандыру шарты, ақылы күзет қызметтерін көрсету шарты).

5.2.10 Туристік индустрия кәсіпорындарының стратегиясы және тактикасы, өндірістік бағдарлама

Туристік индустрия кәсіпорындарындағы стратегиялық басқарудың мәні мен жалпы схемасы. Туристік индустриядағы қызметті стратегиялық талдау. Туристік индустрия кәсіпорындары пайдаланатын стратегиялар. Ұйымның өндірістік бағдарламасы.. Өндірістік бағдарламаны жоспарлау. Туристік индустрия ұйымдарындағы стратегиялық талдаудың анықтамасы, объектісі, субъектісі, нысанасы, мақсаттары мен міндеттері. Франчайзинг стратегиялары.

5.2.11 Туристік индустрия ұйымдарында персоналды басқару

Туристік индустрия ұйымдарының менеджмент жүйесіндегі персоналды басқарудың ішкі жүйесінің рөлі. Туристік индустрия кәсіпорындарының персоналын басқарудың негізгі функциялары. Персоналды басқарудың ішкі жүйесінің терминологиясы мен құрамы. Кадр саясаты және персоналды басқару стратегиясы. Кадрлық әлеует. Еңбек нарығын талдау.

5.2.12 Туристік қызметтер нарығы және туристік қызметтерді тұтынушының мінез-құлық ерекшеліктері

Туристік қызметтер нарығында тұтынушылық мотивацияны басқару. Туристік қызметтер нарығында тұтынушылық мотивацияны қалыптастыру факторлары.Туризм түрлерінің жіктелуі. Туристік және рекреациялық ресурстар. Туристік-экскурсиялық ресурстар. Туристік қызметтер ерекшеліктері. Туристік қызмет көрсетудің мәні мен мазмұны.

5.2.13 Туризм менеджментінің шетелдік тәжірибесі

Сервистік экономика жағдайындағы басқару. Турфирмаларда басқаруды ұйымдастыру.

Қонақ үйлердегі менеджментті ұйымдастыру. Туризм индустриясындағы желілік бизнестің ерекшеліктері. Туризм индустриясындағы басқарушы компаниялар.

5.2.14 Қонақ үй персоналын басқару

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қызмет көрсету саласын ұйымдастырудағы адамның рөлі. Қонақ үй персоналын басқару. Қонақжайлылық саласындағы кәсіби басқарушы-менеджерлерге қойылатын заманауи талаптар. Қонақ үй персоналын басқарудағы және ынталандырудағы коммуникациялар. Жанжалдарды басқару.

5.2.15 Қонақ үй қауіпсіздігін басқару

Туризмдегі «қауіпсіздік» түсінігі. Қонақ үй қауіпсіздігі жүйесін құрудың негізгі принциптері. Қонақ үй бөлмелеріндегі ұрлық пен вандализмнің алдын-алу әдістері. Туроператорлар мен турагенттердің қызметінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі нормалар, ережелер. Манилдық декларация. Инженерлік қызметтің техникалық бөлімшелері.

5.3 ТУРИЗМДЕГІ БИЗНЕС ЖОСПАРЛАУ

Пәннің **мақсаты** - білім алушыларда туризм саласындағы бизнес-жоспарлаудың теориялық және әдістемелік негіздері бойынша жүйелі білім қалыптастыру, туристік бизнес-идеяны негіздеу, нарықты зерттеу, бизнес-модель құру, маркетингтік, операциялық, ұйымдастырушылық, инвестициялық және қаржылық жоспарлардың мазмұнын түсіндіру, сондай-ақ туристік бизнес-жобалардың тиімділігі мен тәуекелдерін бағалау құзыреттерін дамыту.

«Туризмдегі бизнес жоспарлау» пәні бойынша **оқыту нәтижелері:**

- Туризм саласындағы экономикалық білім негіздерін меңгеру, стратегиялық жоспарлау, бизнес-жоспарлау, менеджмент және маркетингтің негізгі қағидаттары мен әдістері туралы ғылыми түсініктерге ие болу;
- Туристік кәсіпорынның кәсіби қызметінде бизнес-идеяларды қалыптастыру, бизнес-модельдерді әзірлеу, қажетті ресурстарға сұранысты бағалау және оларды тиімді пайдалануды жоспарлау қабілетін қалыптастыру;
- Туристік нарыққа маркетингтік зерттеулер жүргізу, тұтынушылық сұраныс пен бәсекелік ортаны талдау, туристік өнімдер мен қызметтерді әзірлеу және ілгерілету стратегияларын қалыптастыру дағдыларын меңгеру;
- Туристік кәсіпорынның өндірістік, ұйымдастырушылық және қаржылық жоспарларын әзірлеу, бизнес-жобалардың шығындарын, табыстылығын, инвестициялық тиімділігі мен тәуекелдерін бағалау нәтижелерін кәсіби қызметте қолдану.

5.3.1. Туризмдегі жоспарлау және стратегиялық бизнес-жоспарлаудың теориялық негіздері

Жоспарлау ұғымы, оның экономикалық мәні және туристік кәсіпорындарды басқару жүйесіндегі орны. Жоспарлаудың мақсаттары, міндеттері мен негізгі функциялары. Жоспарлаудың ғылыми негіздері және негізгі қағидаттары. Жоспарлау түрлері және олардың жіктелуі. Стратегиялық, тактикалық және жедел жоспарлау: ұғымдары, ерекшеліктері және өзара байланысы. Туризм саласындағы стратегиялық жоспарлаудың мазмұны мен ерекшеліктері. Бизнес-жоспарлау ұғымы, оның мақсаты мен міндеттері. Стратегиялық жоспарлау мен бизнес-жоспарлаудың арақатынасы. Туристік кәсіпорынның миссиясы, стратегиялық мақсаттары және даму басымдықтары. Сыртқы және ішкі орта факторларының жоспарлау үдерісіне ықпалы. Нарықтық белгісіздік жағдайындағы туристік кәсіпорын қызметін жоспарлау ерекшеліктері.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

5.3.2. Туризмдегі бизнес-идеяларды қалыптастыру және негіздеу

Бизнес-идея ұғымы, оның экономикалық мәні және кәсіпкерлік қызметтегі орны. Туристік бизнес-идеялардың ерекшеліктері мен негізгі құрамдас бөліктері. Туризм саласындағы бизнес-идеялардың пайда болу көздері. Бизнес-идеяларды қалыптастырудың негізгі әдістері мен тәсілдері. Туристік нарықтағы тұтынушылардың қажеттіліктерін анықтау. Туристік бизнес-идеяның инновациялық сипаты және бірегейлігі. Құндылық ұсынысы ұғымы және оның бизнес-идеяны қалыптастырудағы маңызы. Туристік бизнес-идеяларды іріктеу критерийлері. Бизнес-идеяның нарықтық сұранысқа сәйкестігі мен іске асырылу мүмкіндігін бағалау. Туристік бизнес-идеяны экономикалық негіздеудің негізгі бағыттары.

5.3.3. Туристік кәсіпорынның бизнес-моделі

Бизнес-модель ұғымы, оның мәні және кәсіпорын қызметін ұйымдастырудағы маңызы. Туризм саласындағы бизнес-модельдердің ерекшеліктері. Бизнес-модель мен бизнес-жоспар ұғымдарының арақатынасы. Туристік кәсіпорынның бизнес-моделін қалыптастыру қағидаттары. Business Model Canvas тұжырымдамасы және оның құрылымы. Бизнес-модельдің негізгі тоғыз элементі: тұтынушылар сегменттері, құндылық ұсынысы, өткізу арналары, тұтынушылармен қарым-қатынастар, табыс ағындары, негізгі ресурстар, негізгі қызмет түрлері, негізгі серіктестер және шығындар құрылымы. Туристік кәсіпорынның табыс қалыптастыру тетіктері. Бизнес-модельдің тұрақтылығы, өміршеңдігі және экономикалық тиімділігін бағалау критерийлері.

5.3.4. Туристік бизнес-жоспардың құрылымы және оны әзірлеу әдістемесі

Бизнес-жоспар ұғымы, оның экономикалық мазмұны және туристік кәсіпорынды басқарудағы рөлі. Бизнес-жоспардың мақсаттары, міндеттері мен негізгі функциялары. Бизнес-жоспарлардың түрлері және олардың жіктелуі. Туризм саласындағы бизнес-жоспарлардың ерекшеліктері. Бизнес-жоспарды әзірлеудің негізгі кезеңдері мен әдістемелік тәсілдері. Бизнес-жоспардың құрылымы және оның негізгі бөлімдерінің мазмұны. Бизнес-жоспардың түйіндемесі, кәсіпорынның сипаттамасы, нарықты талдау, маркетингтік, өндірістік, ұйымдастырушылық және қаржылық жоспарлар. Бизнес-жоспар бөлімдерінің өзара байланысы. Бизнес-жоспарды ақпараттық қамтамасыз ету көздері. Бизнес-жоспардың мазмұны мен ресімделуіне қойылатын негізгі талаптар.

5.3.5. Туристік кәсіпорын мен оның өнімдерінің бизнес-жоспардағы сипаттамасы

Туристік кәсіпорын ұғымы және оның қызметінің негізгі бағыттары. Туристік кәсіпорындардың түрлері мен ұйымдастырушылық ерекшеліктері. Кәсіпорынның нарықтағы орны, нысаналы тұтынушылары және бәсекелік артықшылықтары. Туристік өнім ұғымы, оның мәні мен негізгі құрамдас бөліктері. Туристік өнімдер мен қызметтердің жіктелуі. Негізгі және қосымша туристік қызметтердің сипаттамасы. Туристік өнімнің тұтынушылық құндылығы және сапалық сипаттамалары. Туристік өнімнің өмірлік циклі және оның негізгі кезеңдері. Туристік өнімдер мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігі. Бизнес-жоспарда туристік өнімнің ерекшеліктері мен нарықтық артықшылықтарын негіздеу.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

5.3.6. Туристік нарықты зерттеу және бәсекелік ортаны талдау

Туристік нарық ұғымы, оның құрылымы мен негізгі ерекшеліктері. Туристік нарықтың сыйымдылығы және даму әлеуеті. Туристік сұраныс пен ұсыныстың мәні және олардың қалыптасуына әсер ететін факторлар. Туристік нарықтың маусымдылық ерекшеліктері. Нарықты сегменттеу ұғымы, негізгі белгілері мен әдістері. Нысаналы нарық пен тұтынушылар аудиториясын анықтау. Маркетингтік зерттеулердің мәні, мақсаты және негізгі әдістері. Бастапқы және екінші ретті маркетингтік ақпарат көздері. Туризмдегі бәсекелестік ұғымы және оның негізгі түрлері. Бағалық және бағалық емес бәсекелестіктің ерекшеліктері. Туристік кәсіпорындардың бәсекелік ортасын талдау әдістері. SWOT-талдаудың мазмұны және бизнес-жоспарлауда қолданылуы. Туристік нарыққа шығу мүмкіндіктерін бағалау.

5.3.7. Туристік кәсіпорынның маркетингтік жоспары

Маркетингтік жоспар ұғымы, оның мәні және бизнес-жоспар құрылымындағы орны. Маркетингтік жоспардың мақсаттары, міндеттері мен негізгі бөлімдері. Туристік кәсіпорынның маркетингтік стратегиясы және оны қалыптастыру қағидаттары. Туристік қызметтер маркетингіндегі 7P тұжырымдамасы және оның негізгі элементтері. Туристік өнімді нарықта позициялау ұғымы мен тәсілдері. Туристік кәсіпорынның бәсекелік артықшылықтарын қалыптастыру. Туризмдегі баға, өткізу және маркетингтік коммуникациялар стратегиялары. Тұтынушыларды тарту және олардың адалдығын қалыптастыру тәсілдері. Маркетингтік іс-шараларды жоспарлау. Маркетингтік шығындардың құрылымы. Маркетингтік жоспардың тиімділігін бағалаудың негізгі көрсеткіштері.

5.3.8. Туристік өнімдерді өткізу және ілгерілету жоспары

Туристік өнімдерді өткізу ұғымы, оның мәні және туристік кәсіпорын қызметіндегі орны. Туристік қызметтердің сату көлемін болжау және жоспарлау әдістері. Туристік өнімдерді өткізу арналары және олардың жіктелуі. Тікелей және жанама өткізу арналарының ерекшеліктері. Туроператорлар мен турагенттердің туристік өнімдерді өткізу жүйесіндегі рөлі. Туристік өнімдерді ілгерілету ұғымы, мақсаты және негізгі құралдары. Жарнама, қоғаммен байланыс, өткізуді ынталандыру және жеке сату әдістері. Туризм саласындағы цифрлық маркетингтің ерекшеліктері. Әлеуметтік желілер, контенттік маркетинг және онлайн брондау платформалары. Туристік өнімдерді ілгерілету бюджетін қалыптастыру. Өткізу және ілгерілету қызметінің нәтижелілігін бағалау көрсеткіштері.

5.3.9. Туристік кәсіпорынның операциялық жоспары

Операциялық жоспар ұғымы, оның мәні және бизнес-жоспар құрылымындағы орны. Туристік кәсіпорынның операциялық қызметінің ерекшеліктері. Туристік қызмет көрсету үдерісін ұйымдастыру және жоспарлау. Туристік кәсіпорынның орналасуын таңдауға әсер ететін факторлар. Материалдық-техникалық базаның құрамы және оның қызмет көрсетудегі маңызы. Туристік инфрақұрылым және кәсіпорынның ресурстық қамтамасыз етілуі. Туристік кәсіпорынның қызмет көрсету қуаттылығы. Жеткізушілер мен іскерлік серіктестерді таңдау критерийлері. Туристік қызметтердің сапасын

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

қамтамасыз ету және бақылау. Операциялық шығындардың құрамы мен жіктелуі. Туристік кәсіпорынның операциялық қызметін ұйымдастыру тиімділігі.

5.3.10. Туристік кәсіпорынның ұйымдастырушылық жоспары және кадрлық қамтамасыз етілуі

Ұйымдастырушылық жоспар ұғымы, оның мәні мен негізгі міндеттері. Туристік кәсіпорынның ұйымдық құрылымы және оның негізгі түрлері. Кәсіпорынды басқару деңгейлері мен басқару функциялары. Басқарушылар мен құрылтайшылардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі. Туризм саласындағы кадрлық саясаттың мәні мен бағыттары. Туристік кәсіпорынның еңбек ресурстарына қажеттілігін анықтау. Персоналды іріктеу, орналастыру, ынталандыру және кәсіби дамыту жүйесі. Туристік кәсіпорынның еңбекақы төлеу жүйесі және еңбекақы қорын жоспарлау. Персоналды басқарудың тиімділік көрсеткіштері. Туристік бизнес-жобаны іске асырудың күнтізбелік жоспары, оның мазмұны мен құрылымы.

5.3.11. Туристік бизнес-жобаны инвестициялық жоспарлау және қаржыландыру көздері

Инвестиция ұғымы, оның экономикалық мәні және туристік бизнесті дамытудағы рөлі. Туризм саласындағы инвестициялық қызметтің ерекшеліктері. Инвестициялардың негізгі түрлері мен жіктелуі. Туристік бизнес-жобаның бастапқы инвестициялық шығындары. Негізгі және айналым капиталына қажеттілікті анықтау. Туристік кәсіпорынның қаржыландыру көздері және олардың жіктелуі. Меншікті, қарыздық және тартылған капиталдың ерекшеліктері. Туристік жобаларды қаржыландыру нысандары мен тәсілдері. Инвестициялық бюджет ұғымы және оның құрылымы. Қаржыландыру құрылымы мен капитал құны туралы түсінік. Туристік бизнес-жобаның инвестициялық тартымдылығы және оны анықтайтын факторлар.

5.3.12. Туристік бизнес-жобаның қаржылық жоспары

Қаржылық жоспар ұғымы, оның мәні және бизнес-жоспар құрылымындағы орны. Туристік кәсіпорынның қаржылық жоспарлауының мақсаттары мен міндеттері. Қаржылық жоспардың құрылымы және негізгі бөлімдері. Қаржылық болжамдардың бастапқы алғышарттары. Туристік кәсіпорынның табыстары мен шығыстарының құрамы және жіктелуі. Табыстар мен шығыстарды жоспарлау. Пайда мен залал туралы болжамды есептің мазмұны. Ақша қаражаттарының қозғалысы жоспары және оның негізгі элементтері. Туристік кәсіпорынның болжамды балансы және оның құрылымы. Қаржылық тұрақтылық, өтімділік және төлем қабілеттілігі ұғымдары. Туристік бизнес-жобаның қаржылық көрсеткіштерін болжау және бағалау әдістері.

5.3.13. Туристік қызметтердің өзіндік құны, баға белгілеу және жобаның экономикалық тиімділігі

Туристік қызметтердің өзіндік құны ұғымы және оның экономикалық мәні. Туристік кәсіпорын шығындарының құрамы мен жіктелуі. Тұрақты және өзгермелі шығындардың ерекшеліктері. Тікелей және жанама шығындардың сипаттамасы. Туристік өнімнің өзіндік құнын қалыптастыру қағидаттары. Туризмдегі баға белгілеудің мәні, мақсаттары мен негізгі әдістері. Туристік өнімнің баға құрылымы және бағаға әсер ететін

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

факторлар. Маусымдылықтың туристік қызметтер бағасына әсері. Маржиналдық табыс және залалсыздық нүктесі ұғымдары. Пайда, пайдалылық және рентабельділік көрсеткіштері. Туристік бизнес-жобаның экономикалық және инвестициялық тиімділігі. Таза келтірілген құн (NPV), ішкі табыстылық нормасы (IRR), инвестициялардың пайдалылық индексі (PI) және инвестициялардың өтелу мерзімі (PP): ұғымдары, экономикалық мазмұны және бағалау ерекшеліктері.

5.3.14. Туристік бизнес-жобаның тәуекелдері мен тұрақтылығын бағалау

Кәсіпкерлік тәуекел ұғымы, оның мәні және туристік қызметтегі ерекшеліктері. Туризм саласындағы тәуекелдердің пайда болу себептері мен факторлары. Туристік кәсіпорын тәуекелдерінің жіктелуі. Нарықтық, қаржылық, операциялық, инвестициялық және сыртқы тәуекелдердің сипаттамасы. Туризм саласындағы маусымдық тәуекелдердің ерекшеліктері. Тәуекелдерді анықтау және сәйкестендіру әдістері. Тәуекелдерді сапалық және сандық бағалау тәсілдері. Сезімталдық талдауы және сценарийлік талдау әдістері. Туристік кәсіпорынның тәуекелдерді басқару стратегиялары. Тәуекелдерді болдырмау, төмендету, бөлу және қабылдау тәсілдері. Туристік бизнес-жобаның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тұрақтылығы. Бизнес-жоспардағы тәуекелдерді бағалау нәтижелерін пайдалану.

5.3.15. Туристік бизнес-жоспарды қорытындылау, таныстыру және қорғау

Туристік бизнес-жоспарды әзірлеудің қорытынды кезеңі және оның мазмұны. Бизнес-жоспардың негізгі бөлімдерін жүйелеу және өзара сәйкестігін қамтамасыз ету. Бизнес-жоспардың экономикалық негіздемесінің толықтығын бағалау. Бизнес-жоспардың қорытынды құжатын қалыптастыру және ресімдеу талаптары. Туристік бизнес-жобаның нарықтық, ұйымдастырушылық және қаржылық орындылығын негіздеу. Бизнес-жобаның инвестициялық тартымдылығын бағалау. Бизнес-жоспарды таныстыру ұғымы, оның мақсаты мен негізгі міндеттері. Инвесторларға арналған таныстырылымның құрылымы және мазмұны. Бизнес-жоспарды таныстыру мен қорғаудың негізгі форматтары. Туристік бизнес-жобаның негізгі экономикалық көрсеткіштерін ұсыну. Бизнес-жобаның тиімділігі мен іске асырылу мүмкіндігін дәлелдеу.

6. КЕШЕНДІ ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ

6.1. «Туризм негіздері» пәні бойынша кешенді емтихан сұрақтары:

1. Бос уақыттың функциялары мен адам өміріндегі орнын анықтаңыз.
2. Рекреациялық іс-әрекет ұғымын түсіндіріп, оның аумақтық бөлінуін (күнделікті, апталық, жылдық рекреация) сипаттаңыз.
3. Рекреацияны адамның тұрақты тұрғылықты жерінен тыс жердегі қызметі ретінде түсіндіріңіз.
4. Демалыс, рекреация, туризм және экскурсия ұғымдарының арақатынасын салыстырыңыз.
5. Рекреациялық қажеттіліктер ұғымын түсіндіріп, олардың рекреациялық іс-әрекетті ұйымдастырудағы маңызын негіздеңіз.
6. Қоғамдық, топтық және жеке рекреациялық қажеттіліктердің өзара әрекетін талдап, оларды зерттеудің бағыттары мен әдістерін сипаттаңыз.
7. Рекреациялық іс-әрекетті психоэмоциялық құбылыс ретінде сипаттаңыз.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

8. Рекреациялық іс-әрекеттің аумақтық рекреациялық жүйелердегі (ТРЖ) жүйе құраушы фактор ретіндегі рөлін түсіндіріңіз.

9. Еңбек тәртібі мен демалыс тәртібінің арақатынасын талдаңыз.

10. Рекреациялық іс-әрекеттің негізгі қоғамдық функцияларын жіктеңіз.

11. Рекреациялық қызмет көрсетудің материалдық емес өндіріс саласы ретіндегі ерекшеліктерін сипаттаңыз.

12. Рекреациялық жүйе мен аумақтық рекреациялық жүйе ұғымдарының арақатынасын салыстырыңыз.

13. Рекреациялық сала мен туризм индустриясының өзара байланысын түсіндіріп, рекреациялық саланың ерекшеліктерін анықтаңыз.

14. Рекреациялық зерттеудің пәнаралық сипатын және рекреациялық географияның қоғамдық-географиялық ғылым ретіндегі орнын түсіндіріңіз.

15. Рекреациялық географияда қолданылатын негізгі ұғымдарды атаңыз.

16. Рекреациялық іс-әрекеттер бойынша статистикалық есеп беру тәсілдерін сипаттаңыз.

17. Аумақтық рекреациялық жүйені (ТРЖ), оның құрамдас бөліктерінің байланыстарын және қызмет көрсетуді жүйелік талдау тұрғысынан талдаңыз.

18. Демалыс географиясы ұғымын түсіндіріп, рекреациялық география мен туризм географиясының зерттеу объектісі мен пәнін салыстырыңыз.

19. Туризм географиясының негізгі ұғымдары мен терминдерін атап, «туризм» және «турист» атауларының шығу тегін түсіндіріңіз.

20. Туризм мен туристер туралы қазіргі көзқарастарды сипаттаңыз.

21. Саяхаттаушы тұлғалар мен уақытша келушілерді ажыратыңыз.

22. Демалыс пен туризмнің даму алғышарттарын, ресурстарын және рекреациялық әлеует ұғымын түсіндіріңіз.

23. Туристік-рекреациялық ресурстардың аттрактивтілігі ұғымын түсіндіріңіз.

24. Қазіргі туризмнің жіктелуін сипаттап, бірыңғай жіктеу тәсілінің қалыптасуындағы күрделілікті түсіндіріңіз.

25. Рекреациялық, іскерлік, діни және этникалық туризм түрлерін салыстырыңыз.

26. Демалыс пен туризмді дамытудың табиғи және әлеуметтік-экономикалық алғышарттарының туристік-рекреациялық ресурстарға айналуын түсіндіріңіз.

27. Табиғи, әлеуметтік-экономикалық және туристік-рекреациялық ресурстарды жіктеп, олардың туризм дамуындағы рөлін бағалаңыз.

28. Демалыс пен туризм мақсаттары үшін туристік-рекреациялық ресурстардың жарамдылығын бағалау тәсілдерін сипаттаңыз.

29. Табиғи рекреациялық ресурстарды бағалаудың медициналық-биологиялық, психологиялық-эстетикалық және технологиялық түрлерін салыстырыңыз.

30. Ғылыми негізделген туристік аудандастырудың туризмді аумақтық ұйымдастыру мен тиімді дамытуға ықпалын негіздеңіз.

31. «Рекреациялық аудан» және «туристік аудан» ұғымдарын салыстырып, олардың тарихи эволюциясын сипаттаңыз.

32. Туризм индустриясы ұғымын түсіндіріп, туристік кәсіпорындардың туристік қызмет өндірудегі рөлін анықтаңыз.

33. Туроператорлар мен турагенттердің қызметтерін салыстырып, туристік кәсіпорындардың ерекшеліктерін сипаттаңыз.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

34. Туристік сұраныстың материалдық-тұрмыстық және мәдени-танымдық қажеттіліктерді қанағаттандыратын қызметтер мен тұтыну заттары кешеніне сұраныс ретіндегі мәнін түсіндіріңіз.

35. Туристік сұраныстың қалыптасуына әсер ететін факторларды талдаңыз.

36. Туристік ұсынысты туристік құндылықтар мен көрсетілетін қызметтердің жиынтығы ретінде сипаттаңыз.

37. Туристік шаруашылықты туристік ұсыныстың негізгі элементі және өзара байланысты секторлар кешені ретінде сипаттаңыз.

38. Экономика саласы ретіндегі туризмнің ерекшеліктерін, оның ішінде туристік өнімді өндіру мен тұтынудың өзара байланысын түсіндіріңіз.

39. Туризмнің табиғи және әлеуметтік-мәдени ортаға оң және теріс әсерлерін талдаңыз.

40. Тұрақты туризмнің ЮНВТО және ЮНЕП тұжырымдаған 12 мақсатының мазмұны мен маңызын түсіндіріңіз.

41. Туристік өнімнің мәнін, құрамдас бөліктерін және жобалау кезеңдерін сипаттаңыз.

42. Туристік қызмет нарығының институционалдық құрылымын және оның негізгі қатысушыларын талдаңыз.

43. Қазақстан Республикасында туристік қызметті мемлекеттік реттеудің мақсаттарын, әдістері мен құралдарын сипаттаңыз.

44. Туристік маршруттардың негізгі түрлерін және олардың жіктелу ерекшеліктерін салыстырыңыз.

45. Халықаралық туризмнің ерекшеліктерін анықтап, оны ішкі туризммен салыстырыңыз.

46. Шетелдік туризмнің елдердің экономикалық дамуына әсерін бағалаңыз.

47. Халықаралық туризмнің дамуына ықпал ететін негізгі факторлар мен шарттарды жіктеңіз.

48. Халықаралық туризмнің қазіргі жағдайы мен дамуындағы негізгі үрдістерді статистикалық деректер негізінде талдап, дәлелді қорытындылар жасаңыз.

49. Халықаралық туризм дамуының қазіргі тенденцияларын және әлемдік туристік ағымдардың географиясын талдаңыз.

50. Халықаралық туристік ұйымдарды атап, олардың туризмді дамытудағы рөлін бағалаңыз.

6.2. «Туризм менеджменті» пәні бойынша кешенді емтихан сұрақтары:

1. Туризм басқару объектісі ретінде: туризмнің негізгі түсініктері мен басқару категорияларын сипаттаңыз.
2. Туризм менеджментін дамытудың негізгі кезеңдерін атаңыз.
3. Ғылыми басқару мектептерінің негізгі тұжырымдамаларын түсіндіріңіз.
4. Туризмді басқару жүйесінің құрылымы мен мазмұнын сипаттаңыз.
5. Экономика мен туризмнің өзара әрекетін түсіндіріңіз.
6. Туризмнің басқару объектісі ретіндегі ерекшеліктерін сипаттаңыз.
7. Туристік сұраныстың негізгі ерекшеліктерін сипаттаңыз.
8. Туристік аймақ ұғымының мазмұнын, құрылымдық элементтерін және туризм индустриясындағы рөлін түсіндіріңіз.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

9. Туристік ұйымдардың құрылымын сипаттаңыз.
10. Туристік кәсіпорындардың бастапқы және қайталама қызметтерін ажыратыңыз.
11. Туристік делдалдардың қызметін, туристік нарықтағы орнын және түрөнімді қалыптастыру мен өткізудегі маңызын түсіндіріңіз.
12. Туристік ұйымдардың негізгі функцияларын сипаттаңыз.
13. Менеджменттің жалпы және жеке принциптерін түсіндіріңіз.
14. Туризмді басқару құрылымының түсінігін, элементтері мен деңгейлерін сипаттаңыз.
15. Туристік ұйымдағы көлденең және тік еңбек бөлінісінің ерекшеліктерін түсіндіріңіз.
16. Ресми және бейресми ұйымдардың ерекшеліктерін салыстырыңыз.
17. Менеджмент функцияларының мәні мен өзара байланысын түсіндіріңіз.
18. Жоспарлау функциясының мәні мен маңызын түсіндіріңіз.
19. Жоспарлау принциптерін, процесін, жоспарлардың формалары мен түрлерін сипаттаңыз.
20. Менеджменттегі ұйымдастырушылық функцияның мәнін, негізгі қағидаларын және ұйым қызметін тиімді үйлестірудегі рөлін түсіндіріңіз.
21. Мотивацияны басқару функциясы ретінде сипаттап, оның түрлері мен теорияларын түсіндіріңіз.
22. Бақылау функциясының кезеңдері мен түрлерін сипаттаңыз.
23. Менеджерге қойылатын талаптарды, билік пен ықпалдың мәнін және менеджер беделінің маңызын түсіндіріңіз.
24. Басқару стилінің мәнін және демократиялық басқару стилінің ерекшеліктерін сипаттаңыз.
25. Авторитарлық басқару стилінің ерекшеліктерін сипаттаңыз.
26. Либералды басқару стилінің ерекшеліктерін сипаттаңыз.
27. Басқару шешімдерінің мазмұны мен түрлерін сипаттаңыз.
28. Басқару шешімдерін қабылдау процесінің кезеңдерін түсіндіріңіз.
29. Шешім қабылдаудың негізгі әдістерін сипаттаңыз.
30. Басқару әдістерінің түсінігін ашып, оларды жіктеңіз.
31. Басқарудың ұйымдастырушылық және әкімшілік әдістерін сипаттаңыз.
32. Басқарудың экономикалық әдістерінің мазмұны мен ерекшеліктерін түсіндіріңіз.
33. Басқарудың әлеуметтік-психологиялық әдістерінің мазмұны мен ерекшеліктерін түсіндіріңіз.
34. Өзін-өзі басқару ұғымын, оның басқару жүйесіндегі орнын және жеке тұлғаның кәсіби тиімділігін арттырудағы маңызын түсіндіріңіз.
35. Іскерлік кездесулердің міндеттері мен жіктелуін сипаттаңыз.
36. Іскерлік кеңестерді ұйымдастыру және өткізу технологиясын түсіндіріңіз.
37. Іскерлік келіссөздерге дайындық кезеңдерін және келіссөз кезіндегі мінез-құлық ережелерін сипаттаңыз.
38. Келіссөздер кезінде жиі кездесетін қателіктерді анықтаңыз.
39. Жанжалдың табиғатын, моделін және туындау себептерін түсіндіріңіз.
40. Қақтығыстардың негізгі түрлерін жіктеңіз.
41. Қақтығыстарды шешудің әдістері мен стратегияларын сипаттаңыз.
42. Қақтығыстарды басқару кезінде жиі кездесетін қателіктерді анықтаңыз.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

43. Стресстің мәнін, түрлері мен туындау себептерін түсіндіріңіз.
44. Стресстің даму кезеңдері мен негізгі белгілерін сипаттаңыз.
45. Іскерлік қарым-қатынастың мәні мен формаларын сипаттаңыз.
46. Туристік қызметтегі қарым-қатынас өнерінің ерекшеліктерін және қарым-қатынасты ұйымдастыру тәсілдерін түсіндіріңіз.
47. Персоналды басқару жүйесінің мазмұнын, негізгі әдістері мен функцияларын және ұйым тиімділігін арттырудағы рөлін түсіндіріңіз.
48. Қызметкерлерді бағалаудың негізгі әдістерін сипаттаңыз.
49. Қызметкерлер қозғалысының түрлері мен кәсіби даму ерекшеліктерін түсіндіріңіз.
50. Туризм менеджментінің әлеуметтік тиімділігінің мәні мен көрсеткіштерін сипаттаңыз.

6.3. «Туризмдегі бизнес жоспарлау» пәні бойынша кешенді емтихан сұрақтары:

1. Туризмдегі жоспарлаудың мәні мен негізгі функцияларын түсіндіріңіз.
2. Туристік кәсіпорын қызметін жоспарлаудың негізгі әдістерін сипаттаңыз.
3. Туризмдегі стратегиялық, тактикалық және жедел жоспарлаудың ерекшеліктерін салыстырыңыз.
4. Туризмдегі жоспарлаудың негізгі қағидаттары мен мәнін түсіндіріңіз.
5. Туризмдегі бизнес-жоспарлаудың мәні мен міндеттерін түсіндіріңіз.
6. Туристік кәсіпорынның стратегиялық жоспарлауы мен бизнес-жоспарлауының өзара байланысын талдаңыз.
7. Туристік бизнес-идея ұғымын және негізгі сипаттамаларын талдаңыз.
8. Туризм саласындағы бизнес-идеяларды қалыптастыру көздері мен әдістерін анықтаңыз.
9. Туристік бизнес-идеяларды іріктеу және бағалау критерийлерін талдаңыз.
10. Туристік кәсіпорынның бизнес-моделінің мәні мен негізгі элементтерін түсіндіріңіз.
11. Туризмдегі Business Model Canvas бизнес-моделінің құрылымы мен мазмұнын сипаттаңыз.
12. Туристік бизнес-модельдің құндылық ұсынысын және оны қалыптастыру қағидаттарын түсіндіріңіз.
13. Туристік бизнес-жоспардың негізгі түрлері мен функцияларын сипаттаңыз
14. Туристік бизнес-жоспардың құрылымы мен негізгі бөлімдерінің мазмұны.н талдаңыз.
15. Туристік бизнес-жоспарды әзірлеудің негізгі кезеңдерін сипаттаңыз.
16. Туристік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысандарын және олардың ерекшеліктерін салыстырыңыз.
17. Бизнес-жоспарда туристік кәсіпорынның жалпы сипаттамасы мен мазмұны бөлімін түсіндіріңіз.
18. Туристік кәсіпорынның миссиясын, стратегиялық мақсаттары мен даму басымдықтарын анықтаңыз.
19. Туристік өнім ұғымын және оның негізгі компоненттерін сипаттаңыз.
20. Туристік өнімнің өмірлік циклін және оның негізгі кезеңдерін сипаттаңыз.
21. Туристік нарық ұғымын және оның негізгі ерекшеліктерін сипаттаңыз.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

22. Туристік нарықтағы сұраныс пен ұсынысты және оларға әсер ететін факторларды талдаңыз.
23. Туристік нарықты сегменттеудің мәні мен сегменттеу белгілерін жіктеңіз.
24. Туризмдегі маркетингтік зерттеулердің мәні мен негізгі әдістерін сипаттаңыз.
25. Туризмдегі бәсекелестіктің мәнін және оның негізгі түрлерін жіктеңіз.
26. Туристік кәсіпорынның сыртқы ортасын талдау әдістерін сипаттаңыз.
27. SWOT-талдаудың мәнін және оны туристік бизнес-жоспарлауда қолдану жолдарын түсіндіріңіз.
28. Туристік кәсіпорынның маркетингтік жоспарының мақсаты мен мазмұнын сипаттаңыз.
29. Туризмдегі маркетингтік стратегиялардың мәні мен негізгі түрлерін сипаттаңыз
30. Туристік қызметтер маркетингіндегі 7P тұжырымдамасын және оның негізгі элементтерін сипаттаңыз
31. Туристік өнімді нарықта позициялау және бәсекелік артықшылықтарды қалыптастыру тәсілдерін талдаңыз.
32. Туристік өнімдерді өткізу арналарының мәнін және негізгі түрлерін сипаттаңыз.
33. Туристік өнімдерді ілгерілетудің мәні мен негізгі әдістерін талдаңыз.
34. Туризмдегі цифрлық маркетингтің ерекшеліктері мен негізгі құралдарын сипаттаңыз.
35. Туристік кәсіпорынның операциялық жоспарының құрылымы мен мазмұнын түсіндіріңіз.
36. Туристік кәсіпорынның материалдық-техникалық базасы мен ресурстық қамтамасыз етілуін сипаттаңыз.
37. Туристік кәсіпорынның инвестициялық және операциялық шығындарын сипаттаңыз.
38. Туристік кәсіпорынның ұйымдастырушылық жоспарының мақсаты мен негізгі бөлімдерін сипаттаңыз.
39. Туристік кәсіпорынның ұйымдық басқару құрылымын және оның негізгі түрлерін сипаттаңыз.
40. Туризм саласындағы кадрлық саясатты және персоналға қажеттілікті анықтау тәртібін түсіндіріңіз.
41. Туристік бизнес-жобаның инвестициялық жоспарының мақсаты мен негізгі элементтерін сипаттаңыз.
42. Туристік бизнес-жобаны қаржыландыру көздерін сипаттаңыз.
43. Туристік бизнес-жобаның қаржылық жоспарының құрылымы мен мазмұнын сипаттаңыз.
44. Туристік кәсіпорынның табыстары мен шығыстары ұғымын және олардың негізгі түрлерін сипаттаңыз.
45. Туристік кәсіпорынның ақша ағындары ұғымын және оның негізгі түрлерін жіктеңіз.
46. Туристік кәсіпорынның тұрақты және өзгермелі шығындарының мәні мен ерекшеліктерін салыстырыңыз.
47. Туристік өнімнің өзіндік құнын қалыптастыру тәртібін және баға белгілеуге әсер ететін факторларды талдаңыз.
48. Туризм саласындағы кәсіпкерлік тәуекелдер мәнін және оның түрлерін

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

сипаттаңыз.

49. Туристік бизнес-жоба тәуекелдерін бағалау әдістерін сипаттап көрсетіңіз.

50. Туризмдегі инвестиция мәні мен негізгі түрлерін сипаттаңыз.

7. ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі әдебиеттер:

1. Ешенкулова Г.И. Основы туризмологии: учебник.- Астана: ЕНУ инеми Л.Н.Гумилева, 2017.- 385 с.

2. Баяндинова А.М, Подсухина О.В. Основы туризмологии: учебное пособие.- Алматы: Эверо, 2022.- 216 с.

3. Уч. 2019 - 236 с.(П) / Л.В.Баумгартен - М.:Вуз.уч.,НИЦ ИНФРА-М.

4. Менеджмент в туристских организациях: Уч.пос. 2019.-193 с..-(ВО)(П)/ П.В.Большаник-М.:НИЦ ИНФРА-М,

4. Менеджмент негіздері. Оқулық. Б.Жакенова., Л.Мақсатова. 2018. 248 б

5.Менеджмент в сервисе и туризме: Уч.пос. 2021 - 284 с.(ВО)(П) / В.М.Пищулов - 3 изд. - М.:НИЦ ИНФРА-М,

6. Менеджмент туризма: Учебник, 2021.- 282с. / - Мотышина М.С., Большаков А.С., Михайлов В.И.: Издательство Юрайт. Менеджмент в сервисе и туризме: Уч.пос. 2021.-366с(О) / Н.А.Зайцева, - 3 изд.-М.:НИЦ ИНФРА-М,

7. Менеджмент в социально-культурном сервисе и туризме. Учебник. 2019.- 282с. / - Мотышина М.С. : Издательство Юрайт.

8. Менеджмент гостеприимства: Уч.пос. 2021.-512 с..-(СПО)(П)/ Е.Н.Кнышова-М.:ИД ФОРУМ, НИЦ ИНФРА-М,

9. Менеджмент в социально-культурной сфере. Учебник и практикум. 2021.- 370 с./ С.Г. Коленько.- Москва: Юрайт

10. Практикум по менеджменту туризма. Учебное пособие. 2021.- 168 с. / Зайцева Н.А.- 2-е изд., испр.- Москва: Инфра-М,

11. Менеджмент. Теория и практика Казахстана. Тулембаева А.Н. Учебное пособие. 2015.- 572 с./.- Алматы: Алматы Менеджмент Университет,

12.Имангулова Т.В., Жаксыбекова Д.К. «Туризмология негіздері». Оқу құрал. – Алматы: ҚазСТА, 2016. – 124 б.

13.Бизнес планирование в туризме: учебник / Под общей редакцией доцента Т.В.Харитоновой.- Москва: Дашков и "К", 2019.- 310 с.

14. Есиркепова Л.М. Бизнес-жоспарлау: оқу құралы / А.М. Есиркепова – Алматы: Эпиграф, 2019 – 296 б.

15. Кусаинов Х.Х., Сергеева А.М. Туризм экономикасы: оқу құралы. - 2022.

16. Экономика и предпринимательство в сервисе и туризме: учебник / Г.А. Голилевкая, Т.В. Терентьева, А.С. Квасов. - Москва: Инфра-М, 2019.- 189 с.

17. Шаимова А.Н., Баяндинова А.М. Планирование и организация туристского бизнеса: учебно-методическое пособие. - Алматы: Эверо, 2022. - 204 с.

18. Альмухамбетова Б.Ж., Ырза Бекзат. Туризмдегі бизнес жоспарлау: оқу құралы-Түркістан: «Elegant-print» баспасы, 2025. - 270 бет.

19. Экономика туристских предприятий : учебное пособие / А.О. Овчаров. - Москва: Инфра-М, 2019.- 176 с.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қосымша әдебиеттер:

1. Имангулова Т.В, Жақсыбекова Д.К. Туризмология негіздері: оқу құралы.- Алматы: ҚазСТА, 2016.- 124 б.
2. Доскараев Б.М, Иргебаев М.И, Алтынбек Е.Т. Туризмнің жалпы негіздері: оқу құралы.- Алматы: Лантар Трейд, 2021.- 110 б.
3. Акентьева С.И, Игнатева В.В, Петрова Г.В. Организация туристской индустрии: учебник.- 4-е изд.- Москва: М.:Издательский центр "Академия", 2021.- 320 с.
4. Анарбаев А.К. Туризм: оқу құралы.- Түркістан: Тұран, 2017.- 114 б.
5. Баранова А.Ю. Теория развития экономических интересов обьектов туризмологии: монография.- Москва: Инфра-М, 2017.- 150 с.
6. Грошев И.В. Туризм для лиц пожилого возраста: монография.- Москва: Инфра-М, 2020.- 303 с.
7. Планирование и организация туристского бизнеса: учебно-методический комплекс. Баяндинова, А. С. Шаимова, - Алматы:, 2022. - 204 с.
8. Шаекина Ж.М., Қойтанова А.Ж., Аяғанова М.П. Туризм менеджменті және маркетинг: оқу-әдістемелік кешені. - 2013.http://rmebrk.kz/book/1155824

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.